




**№176 орта мектебі бойынша 08 -19 қазан аралығындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті: цифрлық білім мен тіл мәдениетінің тоғысы» тақырыбындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндері онкүндігінде өткізілген іс-шара есебі**

**Бірлестік жетекшісі: Абдукадирова Гаухар Алайдаровна**

**2025-2026 оқу жылы**

**№176 орта мектебі бойынша 08 -19 қазан аралығындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті: цифрлық білім мен тіл мәдениетінің тоғысы» тақырыбындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндері онкүндігінде өткізілген іс-шара есебі**

№	Жүргізілген жұмыстар (анықтамасы, фото есебі)	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
1	<p><b>Аптальқтың ашылуы- «Қазақ тілі мен әдебиеті: цифрлық білім мен тіл мәдениетінің тоғысы»</b> тақырыбындағы 5-11 сыныптар арасында апталығы ашылды. Жиын барысында оқушылардың қазақ тіліне деген құрметі өлең шумақтарымен өрілсе, елдің бірлігін сақтаған, қалың елім пір тұтқан қасиетті үш бабам, тіліміз туралы тілдің көркемдігін жеткізе білді. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық дастарқаны жайылып, дәм татылды.</p> <p>Қазіргі білім беру кеңістігі цифрландыруды басты құндылықтардың біріне айналдырды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні де бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Цифрлық технологиялар тіл үйренуді жеңілдетіп қана қоймай, жаңа мәдени орта қалыптастырып, тілдің қолданылу аясын кеңейтуде. Қазақ тілі мен әдебиеті цифрлық біліммен үндескенде ғана жаңа деңгейге көтеріледі. Цифрлық орта – ұлттық құндылықтарды жаңа ұрпаққа жеткізудің қуатты құралы екенін айта отырып, балаларымыздың білімін сынау мақсатында мақал- мәтелдер мен жаңылтпаштар, жұмбақтар жасырылды.</p> <p>Цифрлық дәуір – жаңа мүмкіндіктер дәуірі. Қазақ тілі – осы мүмкіндіктермен бірге дамуға тиіс.</p> <p>Тіл – ұлт жүрегі, цифрлық білім – жаңа дәуір талабы. Екеуінің тоғысуы – болашақ ұрпақтың сапалы білімінің кепілі-дей келе, апталықтың мақсаты мен онкүндік барысында жоспарға сай ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар, оққылықты жоюға арналған жұмыстардың жоспарымен таныстырылды.</p> <div data-bbox="143 847 1070 1174"> </div>	9.12.2025	Г.Нуфтуллаева Г.Қонысбекова П.Сахиева А.Әбдікәрімова

<p>2</p>	<p><b>3 «В» сыныбында «Көктебеге шығамыз» тақырыбында ашық сабақ өткізді.</b> Мұғалім оқушылардың назарын бейнероликке аударды. Сол бейнеролик арқылы сабақтың тақырыбын болжап, балалар тапты. Сабақ барысында оқушылардың сөздік қоры дамытылып, тақырып бойынша ауызша және жазбаша тапсырмалар орындалды. Жұптық, топтық, жеке жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстар түрлі суреттер, карточкалар арқылы жүргізілді. Мұғалім ережені, тапсырмаларды оқушыларға анық түсіндірді. Платформа арқылы берілген суреттің орнына сөзді қойып, сөйлем құрастырды. <i>Кіру, жүргізу, тебу сөздерін жікте.</i> «learningapps» платформасы арқылы сұрақтарға жауап берді. «Бірлесіп жазу» әдісі арқылы 5- тапсырманы орындады. «Зерек бала» қорапшасында берілген сөздерден әр оқушы сөйлем құрайды. Сөйлемдерден демалыс орны туралы шағын мәтін шығарды. Бағалау. «Жас саулетші» пазлы арқылы жүргізілді.</p> 	<p>10.12.2025 Ашық сабақ</p>	<p>Ә.Нұртазина</p>
<p>3</p>	<p><b>5 «Ә» сыныбында «Құсбегілік - хоббидің бір түрі Лексиканы қайталау» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.</b> Мұғалім оқушыларды түгелдеп, назарларын аударды. Сабақты «Ұлылардан ұлағат» әдісі бойынша жағымда ахуал туғызды.</p> <p>«Тәтті құрт» әдісі — оқушылардың үй тапсырмасын пысықтау мақсатында қолданылатын қызықты және мотивациялық әдіс.</p> <p>«Мозайка» әдісі — сабақтың тақырыбын болжауға арналған тиімді әдістердің бірі. Бұл тәсілде оқушыларға түрлі суреттер, сөздер немесе ұғымдар қиындысы (мозайка) ұсынылады. Сол бөліктерді біріктіру арқылы олар жаңа сабақтың тақырыбын немесе мазмұнын болжады.</p> <p>Топтық жұмыс барысында оқушылардың мәтінмен белсенді жұмыс істеуіне көмектесетін тиімді оқу стратегиясы тиімді қолдана білді.</p> <p>Жұптық жұмыс барысында оқушылардың телефондарына сілтемені жібереді. Сілтеме бойынша жұптық тапсырмалар орындатты.</p> <p>Суретпен жұмыс – ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) оқушыларға арналған көрнекілікке негізделген тапсырма түрін ұсынады. Сабақты қорыту мақсатында берілген сілтеме арқылы онлайн сөзжұмбақ шешу тапсырмасы ұсынылады. Тест түрінде ұсынылған бұл жаттығу оқушының жеке қабілетін, түсіну деңгейін, есте сақтау дағдысын тексереді.</p> <p>Оқушыларға жеке парақ таратылып, оқулықтағы тапсырма бойынша тест орындатады.</p> <p>Рефлексия «Мен үшін.....»</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушының өз оқу әрекетін саралауға, түсінгенін бағалауға көмектесу;</li> <li>- Сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыту;</li> </ul>	<p>10.12.2025 Ашық сабақ</p>	<p>А.Әбдікәрімова</p>

- Мұғалімге оқу үдерісінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік беру.  
Сабақ соңында оқушылар дайын сөйлем құрылымдарын толықтырып, өз әсерін, қиындық пен жетістігін сипаттады.



4

**8 «В» сыныбында Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңі тақырыбында ашық сабақ өткізілді.**

Мұғалім “Жүректен- жүрекке” әдісі бойынша сыныпта жағымды орта қалыптастыра отырып, үй тапсырмасын «Дұрыс,бұрыс» әдісі арқылы платформаға салынған тапсырмалармен өткен сабақты қорытындылады.

Оқушыларға жаңа сабақтың тақырыбы, мақсаты таныстырылып, “Болжау” әдісі бойынша берілген сөздердің мағынасын ашып, жаңа сабақтың тақырыбын анықтады.


Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңі - жастарды адалдыққа, білімге, еңбекқорлыққа, ар-ұятты биік қоюға үндейтін тәрбиелік мәні зор туынды екенін айта отырып, **ЖИ платформасы** арқылы жаңа сабақтың мазмұны игерілді.

Сабақ барысында **топтық , жеке жұмыстар** жүргізілді. Оқушылар өздеріне берілген уақытты тиімді пайдалана білу жолында жұмыс жасады. Мүмкіндігінше тақырыпты ашуға, әдеби тіл нормасын сақтауға тырысты. Әсіресе **ЖИ , “Wordwall”** платформасы арқылы тапсырмалар орындауда оқушылардың белсенділігі артты. Топтың бірлескен жұмысы көрінеді. Топтық тапсырмада өздерінің тілектері мен ұсыныстарын жеткізе білді. Жеке жұмыс барысында да өз ойларын жүйелі айтып, дәлелдемелер келтіріп отырды. сабақ соңында оқушылар кері байланыс жасады.

11.12.2025  
Ашық сабақ

Г.Нуфтуллаева



<p>5</p>	<p>7 "А" сыныбына " Жыр тұлпары-Сүйінбай" тақырыбында ашық сабақ өткізді..Мақсатына сәйкес тапсырмалар орындалды.Эпикалық, поэзиялық шығармадағы автор бейнесі – ақынның өз дүниетанымы, көзқарасы, рухани болмысы мен азаматтық ұстанымының көркем мәтінде көрінуін оқушылар анықтады. «Жыр тұлпары – Сүйінбай» тақырыбындағы шығармаларда автор бейнесі Сүйінбай Аронұлының халықтық тұлғасын асқақтата суреттеуі тапсырмалар арқылы танылды Осылайша, автор бейнесі шығармадан Сүйінбайды тек тарихи тұлға емес, халық рухының символы ретінде қабылдату мақсатында айқындалады.Оқушылар жеке, жұптық жұмыстарда ойларын ортаға салып, берілген тапсырмаларды тиянақты орындады. Мұғалім жасанды интеллект арқылы оқушыларға сабақты түсіндіріп, платформаларды пайдалана отырып сабақты қорытындылады.</p> 	<p>11.12.2025 Ашық сабақ</p>	<p>П.Сахиева</p>
<p>6</p>	<p>«Бос уақыт және хобби» бөлімі бойынша «Сүйікті іс.Кірме сөздер » тақырыбында ашық сабақ өтті.. Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазды. Сабақ уй тапсырмасына берілген «Мен уақытты бағындыра аламын » деген тақырыпта кіріспе,негізгі және қорытынды бөлімдерден тұратын шағын эссе жұмысын критерийге сәйкес тексеруден басталды.Өткен тақырып «Графикалық диктант » арқылы бекітілді.Жаңа сабақ тыңдалым алды тапсырмасымен басталды.Өткен тақырып пен жаңа сабақты байланыстыратын сәйкестендірумен жұмыс жасаған соң ,тілдік бағдар «Кірме сөздер»тақырыбына түсінік беріледі.Оқушыларға тақырыпқа сай видео көрсетіліп, емле ережесі айтылып,мысалдар келтіріледі. <b>Тыңдалымнан соң 5-тапсырма</b> тыңдалым мәтінін орындау барысында оқушылар дәптермен,тақтамен жұмыс жасайды.<b>2-тапсырманы</b> орындау барысында оқушылар өздерінің сүйікті істері туралы мәтін құрап жазады.Тапсырмалардың барлығы дескриптор арқылы беріліп,бағаланады.<b>Жаңа тақырыпты бекіту«Quizizz» платформасы</b> арқылы жүзеге асты.Сабақ соңында үйге тапсырма беріліп, «ҚҚҚ» әдісі арқылы оқушылар рефлексия жасады.</p>	<p>12.12.2025 Ашық сабақ</p>	<p>Ж.Таңсықбаева</p>



**7** *Шәкәрім Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» поэмасы бойынша 8 «А» сыныбында ашық сабақ өткізді. “Тыйым мен еркіндік” әдісі арқылы бүгінгі сабаққа болжам жасады*

**ДӘСТҮР** : Қызға қырық үйден тыйым

- ▶ Қыздың жолы жіңішке
- ▶ Жеті атадан аспай қыз алыспайды
- ▶ Анаға қарап қызын ал

**ЕРКІНДІК** :Еркіндікке қарсы шығып тұрған қандай салт болуы мүмкін?

- ▶ Дәстүр адам тағдырын өзгерте ала ма?
- ▶ Қазақ қыздарының таңдауы шектеулі болған ба?
- ▶ Адам тағдырын өзгерткен тыйым бола ма?

Үй жұмысын тексеру: “Қорапты ашыңыз” ойыны арқылы берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Әр сұрақтың жауабы: 2 балл. ҚБ: “Ауызша”

**ПАФОС ДЕГЕН НЕ?**

*Пафос-асқақтық, қуатты сезім мен терең шабыт.*

*Көркем шығармадағы “негізгі ой”, “өзекті идея”, “авторлық бояу”, “ұлттық реңк”деген ұғымдармен байланысты.*

**ИДЕЯ ДЕГЕН НЕ?** *Идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмірқұбылысына берген бағасы. Оқушыларға жеке, жұптық, топтық тапсырмалар берілді. Үйге тапсырма:*

*«Автордың орнында болсам» дастанды*

*қалай аяқтар едім.... Оқушылар тапсырманы орындадаы, сабақ мақсатына жетті.*

12.12.2025  
Ашық сабақ

Г.Абдукадирова

8

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі. Сейітқұл – заманынан озып туған адам тақырыбындағы

5 «В» сынып оқушылары арасында өткізілген ашық сабақ өткізді.

Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: Гренинг. «Жүректен жүрекке» әдісімен оқушылар бір –біріне шүрекше шарлармен тілек айту арқылы сабаққа сәттілік тілейді.

Қызығушылықты ояту.

1. «5 қадам» әдісі. Оқушылар тақтаға жазылған кейіпкерің атына байланысты 5 қасиет атап шығуы керек.

2. «Көкпар» ойыны әдісі арқылы сұрақтар қойылды.

1- Тапсырма. Сейітқұлдың «заманнан озуын» дәлелдейтін әңгімедегі негізгі сәттерін атап көрсету.

2- Тапсырма. Жеке жұмыс .

«Дәлелдеуші дәйек» әдісі. Берілген тұжырымға қатысты әңгімеден бір-бір сөйлем дәйек келтіреді.

3- Тапсырма. Жұптық жұмыс

Кестені толтыру. Сейітқұлдың қасиеттерін бүгінгі өмірімен байланыстыру.

4- Тапсырма . «Еңбекқорлық пен қамқорлық – Сейітқұлдың үлгісі» тақырыбына эссе жазу.

Кері байланыс


«Керуен» әдісі арқылы бүгінгі тақырып бойынша қандай ой түйдім?



18.12.2025  
Ашық сабақ

С. Абдиева

**Сыныптан тыс жұмыс**

<p><b>1</b></p>	<p>18.10.2025 күні 9-сыныптар арасында Ш.Уәлихановтың 190 жылдығына орай «Шоқантанушылар» зияткерлік сайысын өткізді. Сайыс ЖИ сөзімен ашылды. Сайысқа қатысушылар:</p> <p>I кезең – Жылдам сұрақ – жылдам жауап                  II кезең – Тарихи деректер                  III кезең – Шығармалар әлемі                  IV кезең – Суреттер сөйлейді                  V кезең – Топ басылар сайысы сияқты 5 кезең бойынша тапсырмалар орындап, жүлделі орындармен және «Алғыс хатпен» марапатталды. Сайыс барысында оқушылар Ш.Уәлихановтың 140 жылдық мерейтойына орай елімізде жасалып жатқан игі істер туралы бейнебаян көріп, «spin-the-wheel, wordwall» платформалары арқылы тапсырмалар орындады, «Суреттер сөйлейді» кезеңінде сурет салуға бейім оқушылар Шоқанның портретін және сызба нобайлары бойынша суреттерін ұсынды. Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына орай ғалымның өмір жолы мен ғылыми мұрасын жан-жақты көрсету, еңбектерін кеңінен насихаттау, тапқырлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, топпен жұмыс жасай білу дағдысын жетілдіруге бағытталған сайыс мақсатына жетті.</p> 	<p>18.12.2025 Зияткерлік сайыс</p>	<p>Ө.Доскеева</p>
<p><b>2</b></p>	<p>19.12.2025 жылы 5 «А», «Ә», «Б», «В» сыныптары аралығында «Жыр сүйген жүрек-Асқар Тоқмағанбетов» тақырыбында жергілікті ақын Асқар Тоқмағанбетовтің туғанына 120 жыл толуына орай әдеби-квест болып өтті.</p> <p>Мақсаты: Жергілікті ақын аталары Асқар Тоқмағанбетовтің қазақ әдебиетіне, оның ішінде сатира жанрының қажет екендігін айтып, сын мен сықақ жанрына өте жоғары талап қойғандығын, ақыл-ойын, парасат-қабілетін тежеп қалмай тебірене қалам тербегендігін жас жеткіншектерге жеткізу.</p> <p>Әдеби-квест 4 бөлімнен тұрды:</p> <p><b>1-бекет: «Ұлттық құндылық»</b>  <b>2-бекет: «Менің көзіммен...»</b>  <b>3-бекет: «Сөз тапқыш»</b>  <b>4-бекет: «Білім сандығы»</b></p> <p>Оқушылар осы бекеттерден тапсырма орындап отыру арқылы келесі бекетке өтіп отырды. Шара соңында сыныптар ақын шығармашылығы бойынша көрсеткен білім биігі арқылы марапатталды.</p>	<p>19.12.2025 әдеби-квест</p>	<p>Ж.Таңсықбаева</p>



3

17.12.2025ж «Абай дара, Абай дана қазақта» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізді. 3-4 сыныптар аралығында сайыс болды. **Мақсаты:** Оқушыларды қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығымен таныстыру; Мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту, қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыру; Оқушыларды адамгершілікке, білімге, еңбекке, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушы, философ. Ол балаларды білімге, еңбекке, адалдыққа шақырған. Оның өлеңдері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. **(Абай туралы қысқаша бейнеролик, слайд көрсетіледі.)** Сайысқа қатысушы 3-4 орыс сынып оқушылары:

1. Бағлан Айлин – 3 «в»
2. Батырбек Тайжан – 3 «в»
3. Мұханқызы Назқоңыр -3 «в»
4. Серік Әбілғазы – 4 «в»
5. Серікбай Әлтаир – 4 «в»
6. Қауышқанова Раяна - 4 «в»

**Бағалау критерийлері:**

1. Өлеңді дұрыс, анық оқу
2. Дауыс ырғағы, мәнерлеп оқу
3. Сахна мәдениеті



17.12.2025  
Мәнерлеп оқу

Ә.Нұртазина

<p>4</p>	<p>9 «А» сыныбында «<b>Міржақып Дулатов мұрасы-ұрпаққа аманат</b>» тақырыбымен сыныптан тыс жұмыс өткізілді. Оқушыларға Міржақып өмірі, шығармашылық жолы және қазақ әдебиетіне қосқан үлесі туралы слайд, платформалар арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Міржақып Дулатовтың өмір жолы, Алаш қозғалысындағы рөлі туралы қысқаша бейнеролик көрсетіліп, ақынның қазақ әдебиетіндегі орны туралы қысқаша мәлімет берілді. Міржақып шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарды сезініп, рухани азық алды. Жеке жұмыс барысында «<b>Ой түрткі</b>» сұрақтары қойылып, «<b>ББУ</b>» кестесін толтырды. Сонымен қатар <b>топтық жұмыстарда оқушылар белсенділікпен жұмыс жасады.</b></p> <p>1-топ: «Оян, қазақ!» шығармасының маңызын талдау  2-топ: Міржақып Дулатов – ұлт жанашыры (постер)  3-топ: Алаш қайраткерлерінің еңбегін салыстыру (кесте)  Оқушыларды ұлттық рухты құрметтеуге тәрбиелей отырып, тарихымыздағы тұлғаларды үлгі ету арқылы білімге құштарлықтарын арттырып, жауапкершіліктері мен азаматтық ұстанымдары қалыптастырылды.</p>	<p>19.12.2025  Сыныптан тыс жұмыс</p>	<p>Г.Нуфтуллаева</p>
<p>5</p>	<p>7 «В» сыныбына «<b>Абай мұрасы-халық қазынасы</b>» тақырыбына сыныптан тыс жұмыс өтті. Оқушыларға Абай Құнанбайұлының өмірі, шығармашылық жолы және қазақ әдебиетіне қосқан үлесі туралы білімдерін тереңдету. Абай шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарды сезініп, рухани азық алды. Сыныптан тыс жұмыс бірнеше кезеңнен тұрды. «Абай – дана, Абай – дара» атты бейнеролик көрсетіліп, ақынның қазақ әдебиетіндегі орны туралы қысқаша мәлімет берілді. Мәнерлеп оқу кезеңінде оқушылар ақынның өлеңдерін жатқа оқыды. Ақынның қара сөздерінен үзінділер оқылып, оқушылар өзара талқылау жүргізді.</p>	<p>19.12.2025  Сыныптан тыс жұмыс</p>	<p>С.Абдиева</p>
<p>6</p>	<p>«<b>Жыр тұнған жүрек</b>» <b>әдеби терапиялық кеші.</b> Оқушыларды әдебиет арқылы рухани тәрбиелеу, поэзияның жүрекке әсер ету күшін сезіндіру және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында желтоқсан айының 19 жұлдызында 6- сыныптар арасында «<b>Жыр тұнған жүрек</b>» әдеби терапиялық кеші болып өтті. Кеш барысында оқушылар жүрек тебірентер поэзия туындыларын мәнерлеп оқып, әдебиет тілімен ішкі жан дүниесін жеткізді. Шарада ұлттық құндылықтар, адамгершілік, махаббат пен өмір жайлы ойлар көркем шығармалар арқылы ашылып, көрермендерге терең әсер қалдырды. Әдебиет пен руханиятты үндестірген бұл кеш оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттырып, мектеп өмірінің жарқын әрі тәрбиелік мәні зор шараларының біріне айналды.</p>	<p>19.12.2025  Сыныптан тыс жұмыс</p>	<p>Г.Абдукадирова  П.Сахиева  Г.Қонысбекова</p>





7

19 желтоқсан күні 5 сыныптар арасында «Әдебиет әлемінде» тақырыбында интеллектуалды сайыс болып өтті. «Әдебиет әлемінде» сайысының мақсаты: Оқушылардың әдебиет пәнінен алған білімдерін жүйелеу, өткен тақырыптарды қайталау арқылы әдеби шығармалар мен авторлар туралы білімдерін тереңдету, әдеби тілде сауатты сөйлеу, өз ойын көркем жеткізу дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілетін арттыру және пәнге қызығушылығын ояту.

Интеллектуальды сайыс– оқушылардың әдебиет пәнінен алған білімдерін жүйелеп, өткен тақырыптарды қайталап, шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған танымдық-білімдік шара. Бұл сайыста оқушылар әртүрлі кезеңдер «Топтарды таныстыру», «Ұлы тұлғалар айдары», «Платформада білімді шыңдау», «Әдебиет білгірлі» сұрақ-жауап кезеңі, «Сөздің көркі - мақал» топ басшылар сайысы бойынша кезеңдермен бақ сынасты. Оқушылар әдебиет пәні бойынша түрлі сұрақ- жауап беріп, авторларды, шығармаларды, кейіпкерлерді еске түсіріп, өз білімдерін шыңдады. Сайыс – әдебиетке деген қызығушылықты арттыруға және логикалық ойлау, есте сақтау қабілетін дамытуға бағытталды. Нәтижесінде ең көп балл жинаған үздік сынып «Әдебиет білгірлері» атанып, қалған сынып түрлі номинациялармен марапатталды.

